Жұмыстар аяқталған кезде барлық демонтаждалған қорғаныс және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы керек.

## 1.8 Қосалқы тораптар мен бөлшектерді дайындау және өздігінен қайта жабдықтау

Құрылғыларды қайта жабдықтау немесе өзгерту жұмыстарын тек өндірушімен келісіп орындауға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер және өндіруші фирмамен пайдалануға рұқсат етілген құрамдастар пайдалану сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

Басқа өндірушілер тораптары мен бөлшектерін пайдалану өндірушінің осының салдарынан туатын қауіптен бас тартуына әкелуі мүмкін.

## 1.9 Рұқсат етілмейтін пайдалану режимдері

Жеткізілетін жабдықтың пайдалану сенімділігіне «Қолдану аясы» бөліміндегі функциялық тағайындауға сәйкес жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық деректерде көрсетілген рұқсат етілетін мәндер барлық жағдайларда үнемі сақталуы керек.

## 1.10 Мөлшерлегіш сорғы ақаулығы жағдайындағы жүйе қауіпсіздігі

Мөлшерлегіш сорғы өндіруші зауытында қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтті. Дегенмен, мөлшерлегіш жүйеде жұмыс ақаулығы орын алуы мүмкін. Мөлшерлегіш сорғылар орнатылатын жүйелер мөлшерлегіш сорғы жұмысы ақаулығы жағдайында барлық жүйелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жолмен жобалануы керек. Бұл үшін тиісті басқару және бақылау функциясы қарастырылған (AR нұсқасы).

**Сорғыдан немесе ақаулы желілерден шыққан реагенттер жүйе құрамдастарына және ғимаратқа зақым келтірмеу үшін шараларды қолдану керек.**  
**Кемуді бақылайтын сақтандырғыш клапан және жинағыш табандық сияқты құрылғылар қолдану ұсынылады.**

Назар аударыңыз

## 1.11 Химиялық реагенттерді мөлшерлеу



**Ескертпе**  
 Қуат кернеуін қайта қосу алдында мөлшерлегіш бастиекте орналасқан реагенттер адамдарға шашырап, қауіп төндірмейтіндей жолмен мөлшерлегіш желіге қосылуы керек. Айдалатын орта қысым астында және қоршаған орта мен адамдар денсаулығына қауіпті болуы мүмкін.



**Ескертпе**  
 Реагенттермен жұмыс істеу кезінде орнату орнында қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау керек (мысалы, қорғаныс киімін киіңіз).  
 Реагенттермен жұмыс істеу кезінде реагент өндірушісінің қауіпсіздік паспорты нұсқауларын және қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану керек!

Назар аударыңыз

Деаэрация клапанына контейнерге немесе табандыққа шығарылған деаэрация түтігі қосылуы керек.

Назар аударыңыз

Мөлшерлегіш орта сұйық агрегатты күйде болуы керек. Мөлшерлегіш ортаның қату және қайнау температурасын есепке алу керек!

Назар аударыңыз

Мөлшерлегіш бастиек, клапан шаригі, төсемелер және желілер сияқты мөлшерлегіш ортамен байланысатын бөлшектердің химиялық беріктігі ортаға, температураға және жұмыс қысымына байланысты. Мөлшерлегіш ортамен байланысатын бөлшектер жұмыс жағдайларында тиісті химиялық беріктікке ие екендігін тексеріңіз, «Материалдар беріктігі кестесі» — «Мөлшерлегіш сорғылар және керек-жарақтар» қараңыз.  
 Егер материалдарың коррозиялық беріктігіне қатысты сұрақтарыңыз болса және сорғыны белгілі бір мөлшерлегіш ортаға пайдалану мүмкіндігі болса, Grundfos ұйымына хабарласыңыз.



## 1.12 Мембрана зақымы



**Ескертпе**  
Қуат кернеуін қайта қосу алдында мөлшерлегіш бастиекте орналасқан реагенттер адамдарға шашырап, қауіп төндірмейтіндей жолмен мөлшерлегіш желіге қосылуы керек. Айдалатын орта қысым астында және қоршаған орта мен адамдар денсаулығына қауіпті болуы мүмкін.

Мембрана зақымына байланысты қауіпті болдырмас үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Жүйелі техникалық қызмет көрсетіңіз. Келесі бөлімді қараңыз: 12. Техникалық қызмет көрсету.
- Шығатын мөлшерлегіш сұйықтық мүлікке зақым келтірмеу және денсаулыққа зиян келтірмеу шараларын қолданыңыз.
- Мөлшерлегіш бастиектің зақымдалған немесе жеткіліксіз тартылған бұрандаларымен сорғыны пайдалануға тыйым салынады.

## 2. Тасымалдау және сақтау

Жабдық тасымалын жабық вагондарда, жабық автокөліктерде, әуе, су немесе теңіз тасымалымен жүргізу керек.

Механикалық факторлар әсеріне байланысты жабдық тасымалдау жағдайлары ГОСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Бумадағы жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмас үшін тасымалдау құралдарына берік бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау жағдайлары ГОСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақтау алдында сорғы толығымен таза болуы керек. Сорғыда улы немесе қауіпті орталар қалмауы керек.

Сақтау және тасымалдау кезіндегі температура. –20 °С және +50 °С аралығы.

Максималды тағайындалған сақтау мерзімі — 2 жыл. Барлық сақтау мерзімі ішінде консервация талап етілмейді.

## 3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



**Ескертпе**  
Осы нұсқауларды орындамау адамдар денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Осы ережелер жарылыстан қорғалған жабдықпен жұмыс істеу кезінде сақталуы керек. Сонымен қатар, жабдықпен стандартты жағдайда жұмыс істеу кезінде осы ережелерді сақтау керек.



**Ескертпе**  
Жабдықтың ыстық беттерімен байланыс күйіп қалуға және ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін.



**Ескертпе**  
Осы нұсқауларды орындамау электр тогының зақымдалуына әкеліп, адамдар өміріне және денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтан және оның зақымынан бас тартуға әкелуі мүмкін.




Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз қолданысын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.

## 4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Осы нұсқаулық DMX 226 мембраналы мөлшерлегіш сорғыларға және жарылыстан қорғалған құрастырылымға қолданылады. DMX 226 мөлшерлегіш сорғылары келесідей қосымша жабдықтармен бір мөлшерлегіш бастиекпен (біртекті сорғы) және қосарланған мөлшерлегіш бастиекпен (қосарланған сорғы) жеткізілуі мүмкін:

- Кірістірілген сақтандырғыш клапан (опция): сорғы редукторын және мөлшерлеу жүйесінің барлық айдау жағын рұқсат етілмейтін қысым артуынан қорғайды (11.9 пунктін қараңыз);
- Қызметтік қозғалтқыш: жүріс ұзындығын реттеу тұтқасына бекітіледі және 0(4)–20 мА (11.10 пунктін қараңыз) аналогтік сигналы бойынша сорғы өнімділігін реттеуге мүмкіндік береді;
- Мембрана үзілісі датчигі (11.6 пунктін көріңіз);
- AR басқару блогы. AR басқару блогы бар DMX 226 сорғыларының функциясы келесі бөлімде көрсетілген: 14. Техникалық сипаттамалар;
- Жилік түрлендіргіш (11.4 Жүріс жиілігін жиілік түрлендіргішпен реттеу пунктін көріңіз);
- Жүріс датчигі (11.6 Жүріс датчигі (электрондық нұсқа) пунктін қараңыз);
- Мөлшерлеу контроллері (8.5 пунктін қараңыз).

DMX 226 сорғысының конструкциясы 1-сур. көрсетілген.



1-сур. DMX 226

**Айқ. Құрамдастар**

1	Электрлі қозғалтқыш
2	Тісті беріліс
3	Эксцентрик
4	Мембрана
5	Мөлшерлегіш бастиек
6	Сорғыш клапан
7	Айдаушы клапан
8	Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасы
9	AR басқару модулі (қосымша)
10	Жүріс датчигі

**Жарылыстан қорғалған сорғылар конфигурациясы**


**Назар аударыңыз** *Кестелерге сәйкес теңшелмеген сорғылар жарылғыш ортада пайдаланылмауы мүмкін.*

Ерекшеліктер	Сипаттама
Алдыңғы панель	Металл
Электрондық жүйе	Электрондық жүйесіз

## Фирмалық тақтайша



2-сур. Фирмалық тақтайша



3-сур. Жарылыстан қорғалған сорғының фирмалық тақтайшасы

## Айқ. Сипаттама

1	Әдепкі белгі
2	Үлгі
3	Максималды өнімділік [л/сағ]
4	Кернеу [В]
5	Жиілік [Гц]
6	Құрал нөмірі
7	Өндіруші ел
8	Өндірілген күні [жыл/апта]
9	Нарықтағы белгісі
10	Максималды қысым [бар]
11	Сериялық нөмір
12	Сорғының электрлік емес бөлшектерінің жарылыстан қорғаныс белгісі (Жарылыстан қорғалған қондырғылар директивасы)

## Шартты әдепкі белгі

Мысал:	DMX	765	-3	B	PP	/E	/T	-X	-E	1	QQ	X	E0
Түрі													<b>Қозғалтқыш нұсқасы</b>
DMX													E0 РТС жиілік түрлендіруге арналған қозғалтқыш
Максималды өнімділік [л/сағ]													E1 Қозғалтқыш түрі II 2G EEe e II T3, 3 x 400 В, 50 Гц (тек қана DMXB)
Максималды қарсы қысым [бар]													E2 Қозғалтқыш түрі II 2GD EEe de IIC T4, 3 x 400 В, 50 Гц (тек қана DMXB)
<b>Басқару жүйесінің құрастырылымы</b>													<b>Разъем питания</b>
B Стандарт — қолмен басқару													X Штекерсіз
AR* Аналогтік/импульстік басқару													F ЕС (қорғаныс контактісімен)
AT0 Қызметтік қозғалтқышқа дайындалған													B АҚШ, Канада
AT3 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 230 В, 50/60 Гц, басқару 4–20 mA													I Австралия, Жаңа Зеландия
AT5 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 115 В, 50/60 Гц, басқару 4–20 mA													E Швейцария
AT6 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 230 В, 50/60 Гц, тоқтық басқару 4–20 mA, класс EEe d II BT 4													<b>Қосылыс, сорғыш/айдау желісі</b>
AT7 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 115 В, 50/60 Гц, тоқтық басқару 4–20 mA, класс EEe d II BT 4													B9 Түтік, 19/27 мм, ПВХ
AT8 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 230 В, 50/60 Гц, потенциометрмен басқару, 1 кОм													Q Түтік, 19/27 мм және 25/34 мм
AT9 Қызметтік қозғалтқыш, қуат 1 фаза, 115 В, 50/60 Гц, потенциометрмен басқару, 1 кОм													A1 Резьбалы, Rp 3/4
<b>Мөлшерлегіш бастиек құрастырылымы</b>													A2 Резьбалы, Rp 1 1/4
PP Полипропилен													A3 Резьбалы, 3/4" NPT
PV PVDF (поливинилиденфторид)													A7 Резьбалы, 3/4" NPT, сыртқы резьбалы
PVC Поливинилхлорид													A4 Резьбалы, 1 1/4" NPT
SS Тот баспайтын болат 1.4571													A8 Резьбалы, 1 1/4" NPT, сыртқы резьбалы
PV-R PVDF + кірістірілген сақтандырғыш клапан													K Жабысқақ, 40 мм диаметрл
PVC-R PBX + кірістірілген сақтандырғыш клапан													B2 Түтік, 13/20 мм/жабысқақ, диаметрі 25 мм
PP-L PP + мембрана үзілісі датчигі													B4 Дөнекерленетін, диаметрі 25 мм
PV-L PVDF + мембрана үзілісінің кірістірілген датчигі													B5 Дөнекерленетін, диаметрі 40 мм
PVC-L PBX + мембрана үзілісінің кірістірілген датчигі													<b>Клапан түрі</b>
SS-L SS + мембрана үзілісінің кірістірілген датчигі													1 Стандартты
PV-RL PVDF + кірістірілген сақтандырғыш клапан және мембрана үзілісі датчигі													4 Серіппелі, тек ағын желісінде
PVC-RL PBX + кірістірілген сақтандырғыш клапан және мембрана үзілісі датчигі													5 Абразивті орта клапаны
<b>Бекіткіш материал</b>													<b>Қуаттың көрнеуі</b>
E EPDM (этилен резеңке — пропилен — диенді сополимер)													0 Қозғалтқышсыз, IEC фланец
V FKM (фторэластомерлер)													G 1 фаза, 230 В, 50/60 Гц
T PTFE													H 1 фаза, 120 В, 50/60 Гц
<b>Бекіткіш материал</b>													E 230/400 В, 50/60 Гц немесе 440/480 В, 60 Гц
G Әйнек													F Қозғалтқышсыз, NEMA фланец (АҚШ)
T PTFE													5 3 фазы, 230/460 В, 60 Гц
SS Тот баспайтын болат DIN 1.4401													<b>Басқару тақтасын орналастыру</b>
													X Басқару тақтасы жоқ
													F Алдыңғы монтаж
													W Қабырғаға монтаждау

\* 525 л/сағ немесе одан төмен ағынды сорғылар ғана және бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылар ғана.

**Мембрана үзілісі датчигі**

Жарылыстан қорғалған құрастырылымдағы DMX 226 сорғылары 0 Ex ia IIC T6 Ga; Ex iaD 20 T95 °C манометрімен [Ex ia Ga] IIC, [Ex iaD] мембрана үзілісі датчигімен жабдықталуы мүмкін.

Назар  
аударыңыз

**Басқа түрлі мембрана үзілісі датчиктерінен тұратын сорғылар жарылғыш ортада пайдаланылмайды.**

**Мөлшерлегіш бастиек және клапандар**

Назар  
аударыңыз

**Тот баспайтын болаттан жасалған клапандар металдан жасалмаған мөлшерлегіш бастиекпен пайдаланылмауы керек.**

Мөлшерлегіш бастиек материалы және өлшемі (сорғы түріне байланысты) IIB немесе IIC орта тобына байланысты сорғының жарылғыш ортада жұмысқа жарамдылығын анықтайды.

	Сорғылар түрлері	
	DMX 226 1–3 бастиегінің өлшемі	DMX 226 4-бастиек өлшемі
PVC	IIC	IIB
Тот баспайтын болат DIN 1.4571	IIC	IIC
Тот баспайтын болат DIN 2.4610	—	—
PP	IIC	IIB
PVDF	IIC	IIB

**Электрлік емес бөлшектердің ықтимал Ex белгісі:**

- II Gb c IIC T130 °C
- III Db c IIC T130 °
- II Gb c IIB T130 °C
- III Db c IIB T130 °

Ex

**Электрлік бөлшектердің ықтимал Ex белгісі (орнатылған электр қозғалтқышқа байланысты):**

1. Siemens
  - 1 Ex e II T3 Gb
2. EXPOW
  - 1 Ex d e IIC T4 Gb
  - Ex tD A21 IP65 T125 °

**Сорғының электрлік емес бөлігі «,с» түрі конструкциялық қауіпсіздік қорғанысы» жарылыстан қорғаныс түріне ие.**

Ex

**Электр жабдықтың жарылыстан қорғаныс құралдары Туісті электр қозғалтқышта пайдалану және монтаждау нұсқаулығында көрсетілген (жеткізілім жинағына кіреді).**

**5. Орау және жылжыту****5.1 Орау**

Жабдықты алу кезінде буманы және жабдықты тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымға тексеріңіз. Буманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Жеткізуші ықтимал зақымды мұқият қарау құқығын сақтайды.

Қаптаманы жою жөніндегі ақпаратты 19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат бөлімінен қараңыз.

**5.2 Жылжыту**

**Ескертпе**  
**Қолмен орындалатын көтеру, тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелер шектеуін сақтау керек.**

Назар  
аударыңыз

**Жабдықты қуат кабелінен көтеруге тыйым салынады.**

**6. Қолданылу аясы**

Grundfos DMX сорғылары — су дайындау, ағын суды тазалау, целлюлоза-қағаз және тоқымы өндірісі сияқты көптеген қолданыстарға үйлесімді жоғары сапалы мембраналы сорғылар.

DMX 226 сорғылары осы нұсқаулық нұсқауларына сәйкес сұйық, абразивті емес және жанбайтын ортаға арналған.



**Ескертпе**  
**Мақсатсыз пайдалану және қабылданбаған ортада және жұмыс жағдайларында пайдалану заңсыз болып есептеліп, рұқсат берілмейді. Grundfos компаниясы дұрыс пайдаланбау салдарынан болған зақымға жауапты болмайды.**




**Ескертпе**  
**Жарылыстан қорғалған**  
**құрастырылымды сорғыларды**  
**жарылғыш ортада пайдалану кезінде**  
**осы нұсқаулық нұсқауларын орындау**  
**керек.**

## 7. Қолданылу қағидаты

Grundfos ұйымының DMX сорғылары — механикалық мембраналы мөлшерлегіш сорғылар. Электр қозғалтқыштың айналмалы қозғалысы тісті беріліс пен эксцентрик арқасында мембрана берік бекітілген қайтарылатын серіппесі бар штоқтың кері-үдемелі қозғалысына түрлендіріледі. Жүріс ұзындығы өзгерісімен мөлшерлегіш орта шығынын реттеледі. Айдау процесі эксцентриктың штоққа қысым түсіруімен жүреді, ал штоқтың кері жүрісі кезіндегі сору процесі қайтарылатын серіппе әрекетімен жүреді. Мембрана істен шыққан жағдайда (үзіліс, тесік) мөлшерлегіш сұйықтық мембрана артындағы камераға өтіп, мөлшерлегіш бастиектегі арнайы саңылаудан ағады. Мөлшерлегіш сорғы конструкциясы 1,5 %-дан аспайтын қателікпен тұрақты мөлшерлеу шығысына кепілдік береді. Мембрана жүрісі ұзындығын реттеу 4 %-дан аспайды.

## 8. Құрастыру


### 8.1 Оңтайлы орналасу



4-сур. Оңтайлы монтаж мысалы

Айқ.	Құрамдастар
1i	Мөлшерлегіш бак
2i	Электр араластырғыш
3i	Калибрлеу цилиндрі
4i	Сорғыш желідегі пульсация демпфері
5i	Мөлшерлегіш сорғы
6i	Сақтандырғыш клапан
7i	Қысымды сақтау клапаны
8i	Пульсация демпфері
9i	Ағын индикаторы
10i	Инжекциялық клапан


- Сорғыш желіні орнату кезінде келесілерді орындаңыз:
  - Сорғыш желіні барынша қысқа етіп жасаңыз. Бұл шатасудан қорғайды.
  - Қажет болғанда тізе орнына қисық сызықтық шығыс пайдаланыңыз.
  - Сорғыш желіні үнемі сорғыш клапанға бағыттаңыз.
  - Ауа көпіршіктерінің пайда болуына әкелуі мүмкін байлаулар құрылуын болдырмаңыз.



6-сур. Сорғыш желіні орнату

### 8.2 Орнату ұсыныстары

- Мөлшерлегіш бастиектің деаэрациясын жеңілдету үшін айдау клапанынан кейін байпас желісі бар (кері мөлшерлегіш бакке) шарлы клапан (11i) орнатыңыз.
- Ұзын айдау желілері жағдайында айдау желісіне кері клапан (12i) орнатыңыз.




5-сур. Шарлы клапан мен кері клапанды орнату

TM03 6297 4506

TM03 6296 4506


TM03 6298 4506



TM03 6299 4506

7-сур. Баққа орнату


- Сорғыш желісін монтаждау ескертпесі 1 метрден ұзын сорғыш желілерден тұратын мөлшерлегіш жүйелерде мөлшерлеу өнімділігіне байланысты сорғының сорғыш клапанынан бұрын тиісті өлшемді пульсация демпфері (4i) керек болуы мүмкін.



TM03 6300 4506

8-сур. Сору жағына қысым пульсациясы демпферін орнату


- Айдау жағында орнату ескертпесі: Құбыр желісін қорғау үшін ұзындығы 3 метрден асатын қатты түтіктерге және ұзындығы 5 метрден асатын иілгіш түтіктерге арналған пульсация демпферін (8i) пайдаланыңыз.



TM03 6301 4506

9-сур. Айдау жағына қысым пульсациясы демпферін орнату

- Газ шығаратын және тұтқыр орталар үшін: сорғыш түтік құйылады.
- Мөлшерлегіш сорғыны және айдау желісін артық қысымның артуынан қорғау үшін айдау желісіне сақтандырғыш клапан (6i) орнатыңыз.




TM03 6302 4506

10-сур. Сақтандырғыш клапанмен орнату

**Мөлшерлегіш заттың ашық төгумен немесе 1 бар төмен қарсы қысыммен**


- Қысымды сақтау клапанын (7i) шығыс немесе шашырау нүктесі алдына орнатыңыз. Беру нүктесіндегі қарсы қысым мен сорғының сорғыш клапанындағы мөлшерлегіш орта қысымы арасында кемінде 1 бар қысым айырмашылығы болуы керек.
- Егер осы қамтамасыз етілмесе, қысымды сақтау клапанын (7i) айдау желісіне орнатыңыз.



TM03 6303 4506

11-сур. Қысымды сақтау клапанымен орнату

- Сифон әсерін болдырмау үшін қысым сақтау клапанын (7i) айдау желісіне орнатып, қажет болғанда электромагниттік клапанды (14i) сорғыш желіге орнатыңыз.



TM03 6304 4506

12-сур. Сифон әсерін болдырмау үшін орнату





**Ескертпе**  
**Мөлшерлегіш сорғылардың**  
**айнымалы ток қозғалтқыштары**  
**ыстық болуы мүмкін. Желдеткіш**  
**жабынына дейін кемінде 100 мм бос**  
**кеңістік болуы керек!**

### 8.3 Бекіту

- М8 төрт бұрандасымен сорғышы резервуарға немесе кронштейнге көлденең бекітіңіз.
- Сорғымен берілген ауа шығару бұрандаларындағы (қара түс) резьбалы тасымалдау тығындарын (жасыл түс) ауыстырыңыз.



**Корпусқа зақым келтірмес үшін**  
**бұрандаларды қажетті ретпен баяу**  
**тартыңыз!**

### 8.4 Шлангілер/құбыр желілері

#### 8.4.1 Жалпы ереже

**Ескертпе**  
**Мөлшерлегіш сорғыны артық**  
**қысымның артуынан қорғау үшін**  
**айдау желісіне сақтандырғыш**  
**клапан орнатыңыз.**  
**Тек рұқсат етілетін түтіктер түрін**  
**пайдаланыңыз!**  
**Құбыр желілерінде кернеу**  
**құрылымын болдырмаңыз!**  
**Шлангілер байлауын және айналуын**  
**болдырмаңыз!**  
**Кавитацияны болдырмау үшін**  
**сорғыш желіні барынша қысқа етіп**  
**жасаңыз!**



**Қажет болғанда тізе орнына қысқ**  
**сызықтық шығыс пайдаланыңыз.**  
**Химикаттармен жұмыс істеу кезінде**  
**химикаттар өндірушісінің қауіпсіздік**  
**техникасы нұсқауларын орындаңыз!**  
**Сорғы мөлшерлегіш ортаға сәйкес**  
**екендігін тексеріңіз!**  
**Сорғы арқылы өтетін сұйықтық**  
**ағыны ауырлық күшіне қарсы**  
**бағытта жүруі керек!**

**Ортамен байланысатын бөлшектер**  
**беріктігі ортаға, температураға**  
**және жұмыс қысымына байланысты.**



**Мөлшерлеу кезінде ортамен**  
**байланысатын бөлшектердің**  
**химиялық беріктігі пайдалану**  
**шарттарына сәйкес екендігін**  
**тексеріңіз!**

### 8.5 Сорғыш және айдау желісін қосу




**Ескертпе**  
**Құбыр желілерінде кернеу**  
**құрылымын болдырмаңыз!**  
**Тек рұқсат етілетін түтіктер түрін**  
**пайдаланыңыз!**

- Сорғыш желіні сорғыш клапанға қосыңыз.  
 – Түтіктің төменгі шетіндегі клапан бак түбінен немесе шөгінді деңгейінен 5–10 мм жоғары болатындай етіп сорғыш желіні орнатыңыз.
- Айдау желісін айдау клапанына қосыңыз.

#### Шлангілер қосу


- Басумен шлангіні байланыс штуцеріне орнатып, байланыс түріне байланысты қарсы жағымен немесе қамытпен бекітіңіз.
- Төсеме салыңыз.
- Клапанға жапқыш гайкамен бұраңыз.



13-сур. Шлангілер қосу

#### DN 20 құбыр желілерін қосу

- Құбыр желісі және байланыс материалына байланысты: жабыстыру (ПВХ), дәнекерлеу (PP, PVDF немесе тот баспайтын болат) немесе қысу (тот баспайтын болат).
- Төсеме салыңыз.
- Клапанға жапқыш гайкамен бұраңыз.




14-сур. DN 20 құбыр желілерін қосу

TM03 6456 4506

TM03 6457 4506

### DN 32 құбыр желілерін қосу


- Түтік материалына байланысты дәнекерлеу ұшы бар фланецке түтікті салып, оны дәнекерлеңіз (тот баспайтын болат) немесе түтікті фланецтің ішкі саңылауына салып, оны дәнекерлеңіз (полипропилен, поливинилиденфторид).



15-сур. DN 32 құбыр желілерін қосу

### Мөлшерлеу контроллерін пайдалану

- Мөлшерлеу контроллерін айдау клапанына бұраңыз.
- Айдау желісіне мөлшерлеу контроллеріне қосыңыз.



16-сур. Мөлшерлеу контроллері

## 8.6 Жарылыстан қорғалған құрастырылымды сорғыларға арналған

*Жарылыстан қорғалған жабдықты монтаждау «тиісті біліктілігі» бар тұлғамен ғана орындалып тексерілуі керек.*

*Бөлек электрлік құрамдастармен жеткізілетін монтаждау және пайдалану нұсқаулығын оқығаныңызды тексеріңіз. Жүйені монтаждау кезінде тиісті мемлекеттік нормалар мен ережелер сақталғанын тексеріңіз.*

Назар аударыңыз

### Сақтандырғыш клапан

*Сорғының айдау жағында рұқсат етілмейтін жоғары қысымның құрылуын болдырмау үшін сақтандырғыш клапан шығыс желіге орнатылуы керек.*

Назар аударыңыз

### Сорғыш желі

*Мөлшерлегіш ортадағы қоспалар мембранаға немесе мөлшерлегіш клапанына зақым келтіруі мүмкін. Сорғыш құбыр желісіне сүзгі орнату (апертура өлшемі 1,5 мм) ағын жағындағы бітелуге байланысты мембранаға зақым келтірмей, қысымды арттырады.*

Назар аударыңыз

### Беріліс режимін орнату



**Ескертпе**  
*Сорғы іске қосу жұмыстары/қайта пайдалануға беру кезінде құрғақ күйде істемеуі керек.*

Мөлшерлегіш бастиекте мөлшерлегіш орта ағынын жасау үшін сорғыны қосқан кезде ағын құбыр желісін желдете алатындай болу үшін сорғы орнатылуы керек.

### Мөлшерлегіш ортаны төгу (жарылыстан қорғалған сорғылар)

Затты қауіпсіз төгу желілері сақтандырғыш клапандарға (сорғының айдау жағындағы ағын құбыр желісіндегі сақтандырғыш клапан сияқты) немесе жанғыш орта төгілетін шығыс клапандарға қосылуы керек.

TM03 6458 4506

TM03 6379 0911

Назар  
аударыңыз

**Затты қауіпсіз төгу адамдарға немесе мүлікке зақым келтірмейтін бағытта орындалуы керек.**

Құрғақ жұмыстан қорғаныс / беріліс көрсеткісі (жарылыстан қорғалған сорғылар)

**Ескертпе**  
Толмаған бак жағдайында жарылғыш қоспа булануы мүмкін. Сақтау бактерінен жанғыш газдың қоршаған ортаға тасымалын болдырмас үшін сорғы құрғақ жұмыс істемейуі керек. Құрғақ жұмысты болдырмау үшін клиент бактерге деңгей индикаторларын немесе сорғылардың айдау жағына беріліс көрсеткілерін орнату керек.

Назар  
аударыңыз

Ауаны сору тоқтатылуы керек. Сорғыш желінің герметикалығын үнемі тексеріңіз.

## 9. Электр жабдықты қосу

Сорғы пайдаланылатын қуатқа сәйкес екендігін тексеріңіз.

**Ескертпе**  
Электрлік қосылыстар тек білікті қызметкерлермен орындалуы керек! Қуат кабелі мен реле контактілерін қосу алдында желі қуатын өшіріңіз! Пайдалану орнында қабылданған қауіпсіздік техникасы ережелерін орындаңыз!



**Ескертпе**  
Сорғы корпусы Grundfos компаниясымен рұқсат берілген қызметкерлермен ғана ашылуы керек!

**Ескертпе**  
Кабель коннекторлары мен ашаларын коррозиядан және ылғалдан қорғаңыз. Қорғаныс қалпақшаларын тек пайдаланылған ұялардан шешіңіз.

Назар  
аударыңыз

Қуат блогы кіріс және шығыс сигналдардан электрлік түрде оқшаулануы керек.

Сорғы қуат блогы қосқышымен өшіріледі.  
Сорғы іске қосуға дайын болмайынша қуат блогын қоспаңыз.

Нұсқау

### 9.1 Желі ашасы бар құрастырылым

- Желі ашасын розеткаға салыңыз.

### 9.2 Желі ашасы жоқ құрастырылым

- Қозғалтқышты қосу схемасына сәйкес қосыңыз (клеммалық қорап қақпағына белгіленген).

**Айналу бағытын тексеріңіз!**  
Тапсырыс беруші номинал токқа сәйкес электр қозғалтқыштың қорғаныс блогын орнатуы керек. Сонымен қатар, AR басқару модулі бар нұсқаны пайдалану кезінде осы қажет!

Назар  
аударыңыз

Сорғы жиілік түрлендіргішімен пайдаланылған кезде клеммалық қораптағы жалғастырғыштар түрлендіргіш кернеуіне сәйкес орнатылады. Үш фазалы электр қозғалтқыштар зауытта «жұлдызшамен» қосуға орнатылған жалғастырғыштармен жеткізіледі.

### 9.3 Тұйықтау

Назар  
аударыңыз

Монтаж кезінде барлық сорғылар мен керек-жарақтар тұйықталуы керек.

Пластмассалы корпусы мембрана кемуінің датчигінде сорғымен ток өткізу байланысы жоқ және клиент тұйықтауды өзі орындауы керек.

## 10. Пайдалануға беру

Барлық құралдар өндіріші зауытта қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

### 10.1 Іске қосу алдындағы тексерістер

- Сорғының фирмалық тақтайшасындағы номинал кернеу жергілікті жағдайларға сәйкес екендігін тексеріңіз!
- Барлық қосылыстар сенімді екендігін тексеріп, қажет болғанда оларды тартыңыз.
- Мөлшерлегіш бастиек бұрандалары сипаттамалармен берілген күшпен тарылғанын тексеріп, қажет болғанда оларды тартыңыз.
- Барлық электрлік қосылыстар дұрыс орындалғанын тексеріңіз.

### 10.2 Қосу

Назар  
аударыңыз


**Қосуды бастау алдында ауа шығару бұрандасындағы тасымал резьбалы тығынды ауыстырыңыз!**  
Тасымалдау кезінде деаэрация саңылауы тасымал резьбалы тығынмен жабылуы керек!

**Алғашқы қосқаннан кейін және мембрананы ауыстырған сайын мөлшерлегіш бастиектердің бекіту болттарын тартыңыз.**

Назар аударыңыз

**Мөлшерлегіш бастиектер бұрандаларын 6-10 жұмыс сағаты сайын немесе екі жұмыс күнінен кейін диаметрлік гайка кілтімен диагоналі бойынша тартыңыз. Максималды айналу моменті: 6 Нм.**

1. Егер сорғыш және айдау ағын клапандары (15, 16) орнатылған болса, оларды ашыңыз. 17-сур. көріңіз.
  2. Егер ауаны шығару клапаны (17) айдау желісіне орнатылса, оны ашыңыз немесе айдалатын орта қарсы қысымға төтеп бермей шығуы үшін айдау желісі қысымын төмендетіңіз.
  3. Қуат блогын қосыңыз.
  4. AR басқару модулі бар сорғылар ғана: Start/ Stop түймесін басып тұрыңыз.  
– Сорғы үздіксіз режимге ауысады.
  5. Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасын 100 %-ға орнатыңыз.
  6. Айдалатын ортада көпіршіктер жоғалғанша сорғыны қосулы қалдырыңыз.
  7. Ауаны шығару клапаны (17) орнатулы болса, оны жабыңыз.
- Енді сорғы жұмысқа дайын.



17-сур. Бастапқы қосу

### 10.3 Жарылыстан қорғалған құрастырылымды сорғыларға арналған

**Ескертпе**

**Артық қызған кезде сорғылардың жарылу қаупі бар.**

**Жабық клапандар және фитинглер кезінде сорғыларды іске қоспау керек.**



**Ескертпе**

**Сорғыны алғаш іске қосқанда немесе мөлшерлегіш бастиекті босатқаннан кейін қайта қосқанда жарылғыш бу қоспасы құрылуы мүмкін.**

**Сорғыны қосқанда және қайта қосқанда мөлшерлегіш бастиек толығымен толтырылуы керек.**

- Мөлшерлегіш бастиекті және сорғыш құбыр желісін мөлшерлегіш ортамен толтырыңыз немесе
- сорғыш желіні су басқанда мөлшерлегіш ортаның мөлшерлегіш бастиекке түсімін болдырмас үшін ағын құбыр желісінен газ шығарыңыз.



## 11. Пайдалану

Пайдалану жағдайлары 14. Техникалық сипаттамалар.

**Мембрана үзілген жағдайда мөлшерлегіш сұйықтық сорғы мен мөлшерлегіш бастиек арасындағы аралық фланецтегі саңылау арқылы өтуі мүмкін.**

**Корпустың бекіткіш беті корпустағы ішкі бөлшектерді мөлшерлегіш сұйықтықты қысқа уақытқа қорғайды (сұйықтық түріне байланысты). Егер сұйықтық аралық фланец арқылы ақса, тексеру үнемі орындалуы керек (күн сайын).**

**Максималды қауіпсіздік үшін мембрана үзілісі датчигі бар сорғы құрастырылымын пайдалану ұсынылады.**

Назар аударыңыз

TM03 6307 4506

### 11.1 Қосу/өшіру

**Сорғыны қосу алдында дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Келесі бөлімдерді қараңыз: 8. Құрастыру және 10. Пайдалануға беру.**

- Сорғыны іске қосу үшін желі қуатын қосыңыз.
- Сорғыны тоқтату үшін желі қуатын өшіріңіз.


### 11.2 Жүріс ұзындығы өзгерісімен мөлшерлегіш орта шығынын реттеу

Назар аударыңыз

**Жүріс ұзындығын сорғы қосулы кезде ғана реттеңіз!**

- Жүріс ұзындығын реттегіш тұтқасындағы (8) тоқтатқыш бұранаманы (А) бұрағышпен шамалы босатыңыз.
- Мөлшерлегіш орта шығынын арттыру үшін жүріс ұзындығын реттегіш тұтқаны (8) сағат тіліне қарсы қажетті шығынды орнатқанша бұраңыз.

- Мөлшерлегіш орта шығынын төмендету үшін жүріс ұзындығын реттегіш тұтқаны (8) сағат тілі бағытымен қажетті шығынды орнатқанша бұраңыз.
- Тоқтатқыш бұраманы (А) бұрағышпен қайта тартыңыз.



18-сур. Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасы

### 11.3 Нөлдік нүктені теңшеу



**Ескертпе**  
Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе желілермен жұмыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар және көзілдіріктер) пайдаланыңыз!

Назар аударыңыз


Жүріс ұзындығын сорғы қосулы кезде ғана реттеңіз!

Мөлшерлегіш сорғының нөлдік нүктесін зауыттық теңшеу (мөлшерлеу жоқ) 3 бар қарсы қысымда орындалады. 3-қосымшаны көріңіз.

Егер шашырату орнындағы жұмыс қарсы қысымы осы мәннен айтарлықтай ауытқыса, дәлірек мән алу үшін нөлдік нүктені қайта реттеу керек.

1. Сорғыш клапанға деңгейлі түтікті орнатыңыз.
  - Егер осындай түтік болмаса, сорғыш желіні өлшем стаканына салыңыз.
2. Мөлшерлегіш сорғыны іске қосыңыз.
3. Мөлшерлеу ортасы шығынын 15 %-ға орнатыңыз.
4. Резервуар деңгейін басқару датчигін пайдалану кезінде AR блоқты сорғылар үшін AR блогынан электрлік датчик ұясын шығарыңыз.
5. Тоқтатқыш бұраманы (А) жүріс ұзындығын реттегіш тұтқадан (8) бұрағыш көмегімен алыңыз. 18-сур. көріңіз.
6. Өлшем стаканында немесе түтіктегі жұмыс ортасының деңгейі түсімі тоқтағанша жүріс ұзындығын реттеу тұтқасын баяу бұраңыз (нөлдік белгіге дейін).
7. Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасы орнын өзгертусіз шағын бұрағыш көмегімен бітеуішті алып, тегіс спиральді серіппемен цилиндрлік бастиекті бұрланданы шешіңіз.

8. Шкаладағы нөлдік сызық тұтқадағы белгімен сәйкес келуі үшін реттеу білігіндегі реттегіш тұтқаны абайлап шешіп қайта салыңыз.
9. Серіппе жүктеліп, бірақ құлыптамайындай болуы үшін цилиндрлік бастиекті бұрланданы және спиральді серіппені тартыңыз. Тіпті, 100 %-ға орнатқан кезде реттегіш тұтқа серіппесі жүктеулі қалуы керек.
10. Тоқтатқыш бұраманы (А) бұрағышпен салып, абайлап тартыңыз.



19-сур. Нөлдік нүктені теңшеу

### 11.4 Жилік түрлендіргішпен жүріс жиілігін реттеу

Егер жилік түрлендіргіш қосылса, жүріс жиілігі 10-100 % ауқымында реттелуі мүмкін. Жилік түрлендіргіштің монтаждау және пайдалану нұсқаулығын қараңыз!



**Ескертпе**  
Өндіруші нұсқауларын орындаңыз!  
Қосу әрекеті осы нұсқаулыққа сәйкес орындалуы керек.

### Grundfos мөлшерлегіш сорғысына пайдаланылатын жилік түрлендіргішті теңшеу

Жилік түрлендіргіштің келесі параметрлеріне назар аударыңыз:

- P013 (қозғалтқыштың максималды жиілігі):
  - Жилік түрлендіргішті максимум 100 Гц деңгейіне орнатыңыз.
  - Теңшеулерге сәйкес сорғы жүрісінің максималды жиілігі артауы мүмкін.
- P086 (қозғалтқыштың шекті тогы):
  - Теңшеулерді әдепкі бойынша өзгертеңіз (150 %).
  - Қозғалтқыш РТС резисторымен қорғалған. Сәйкесінше, жилік түрлендіргіштегі осы параметр қарастырылмаған.

TM03 7203 4506

TM03 6310 4506

- P081-P085 (қозғалтқыш деректері):
  - Осы параметрлерді қозғалтқыштың фирмалық тақтайшасында көрсетілген мәндерге орнатыңыз.
  - Өндіруші нұсқауларын орындаңыз!

### 11.5 AR басқару модулін пайдалану

AR басқару модулін пайдалану кезінде осы нұсқаулықтан басқа модульді пайдалану және монтаждау нұсқауларын орындаңыз.

### 11.6 Жүріс датчигі (электрондық нұсқа)

NAMUR DIN 19234 стандартына сәйкес орындалған және жүріс туралы сигнализацияға арналған индуктивтік контактісіз екі сымды қосқышты датчик.

(EExia) немесе (EExib) ұшқыннан қауіпсіз схемамен расталған РТВ бөлгіш күштегіштер арқылы қосу кезінде осы датчиктерді жарылғыш орталарда орнатуға болады. Бөлгіш күшейткішке байланысты 1-ге дейінгі жарылғыш санатындағы датчиктерде пайдалану рұқсат етіледі. Бөлгіш күшейткішке сәйкес сертификатта көрсетілген техникалық сипаттамаларды сақтау керек.

Қуат кернеуі UB: 7,7-10 В.

### 11.7 Мембрана үзілісі датчигі


#### 11.7.1 Техникалық сипаттамалар

230 В үлгісі (+10 %/-10 %)

115 В үлгісі (+10 %/-10 %)

- Контакт жүктемесі: 250 В / 6 А, макс. 550 ВА;
- Тұтынатын қуаты: 1,15 ВА;
- Корпустағы қорғаныс деңгейі: IP65;
- Рұқсат етілетін температура ауқымы: 0 °С және +40 °С аралығы.

#### 11.7.2 Өлшемдерден тұратын сызба (электрондық жүйе корпусы)



20-сур. Электрондық жүйе корпусы

#### 11.7.3 Жұмыс принципі

Мембрана үзілісі датчигіне дайындалған сорғылар:


- Оптоэлектрондық датчикті салуға арналған мөлшерлегіш бастиектің арнайы фланеци

- Оптоэлектрондық датчик құрамы:
  - инфрақызыл шығарғыш;
  - инфрақызыл қабылдағыш.

#### Мембрана үзілісі жағдайында:

- Сұйықтық мөлшерлегіш бастиек фланецине етеді.
  - Жарықтың сыну коэффициенті өзгереді.
- Датчик сигнал береді.
  - Электрондық жүйе екі контактімен ауыстырылады.

Бұл контактілер апаттық сигнал құрылғысын іске қосуға немесе сорғыны өшіруге пайдаланылуы мүмкін.



21-сур. Мембрана үзілісі датчигі

#### 11.7.4 Электрондық жүйенің электрлік қосылысы

##### Ескертпе

**Электрлік қосылыстар тек білікті қызметкерлермен орындалуы керек! Қуат кабелі мен реле контактілерін қосу алдында желі қуатын өшіріңіз! Пайдалану орнында қабылданған қауіпсіздік техникасы ережелерін орындаңыз! Кабель коннекторлары мен ашаларын коррозиядан және ылғалдан қорғаңыз.**

**Қуат кабелін қосу алдында сорғының зауыттық**

**тақтайшасында көрсетілген қуат кернеуі жергілікті электр жабдығы желісіне сәйкес екендігін тексеріңіз. Дұрыс емес қуат құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін!**



Назар аударыңыз

Электромагниттік үйлесімділікті (ЭМУ) қамтамасыз ету үшін кіріс кабельдер мен шығыс ток сигналдары кабельдері экрандалуы керек.

1. Бір жағынан экранды РЕ клеммасына қосыңыз.
  - Қосу схемасын тексеріңіз!
2. Кіріс кабельдер, шығыс ток сигналдары кабельдері және қуат кабельдері түрлі қораптарға тартылады.

TM03 6381 4506

TM03 6382 4506

- Құрылғыны қуатқа қосу схемасына сәйкес қосыңыз.
- Датчиктен тұратын электрондық жүйені қосу схемасына сәйкес қосыңыз. (23-сур. қараңыз)



**Ескертпе**  
**1-контактке, 6-шы және 7-ші клеммаларға желі кернеуі беріледі. 1-контактын қосу алдында қуатты өшіріңіз!**

**Осы контактілер үшін қорғаныс тізбегі жоқ. Ауыстыру үшін тек таза белсенді жүктеме рұқсат етіледі. Сорғы қозғалтқыштарын ауыстыру үшін арасына контактор қосылуы керек.**

Назар аударыңыз

- 1-ші және 2-ші контактілерді жеке талаптарға сәйкес қосыңыз.
- Келесі бөлімді көріңіз: 9. Электр жабдықты қосу.

**11.7.5 Шығыс реле**


**Шығыс реле қолданысқа және қосылған жетекке байланысты қосылады.**

Нұсқау

- Индуктивтік жүктемелер (реле және контакторлар) үшін кедергілерді басу талап етіледі.
- Егер бұл мүмкін болмаса, реле контактілерін төменде сипатталған басу тізбектерімен қорғаңыз.

**Тұрақты кернеумен**

- Тұйықтағыш диодты релеге немесе контакторға параллель қосыңыз.



TM03 7209 4513

22-сур. Тұрақты/айнымалы кернеуді басу тізбегі

**Шығыс реле тобын орнында тиісті резервтік сақтандырғышпен қамтамасыз етіңіз**

Назар аударыңыз

**Қосылыс пайдаланылған жетек түріне байланысты; бұны мысал ретінде пайдалану керек. Жетек құжаттамасын қараңыз.**


Нұсқау

**11.7.6 Мөлшерлегіш бастиекке датчик бұрау**

- Датчикті мөлшерлегіш бастиек (M14 × 1,5) фланецінің төменгі саңылауына бұраңыз.
  - Енді мембрананың үзіліс датчик іске қосуға дайын.

**Айнымалы кернеумен**

Ток шегі	С конденсаторы	R резисторы
60 mA	10 мкФ, 275 В	390 Ом, 2 Вт
70 mA	47 мкФ, 275 В	22 Ом, 2 Вт
150 mA	100 мкФ, 275 В	47 Ом, 2 Вт
1,0 A	220 мкФ, 275 В	47 Ом, 2 Вт



TM03 6385 4506

23-сур. Электрондық жүйенің электрлік қосылысы

## 11.7.7 Қосу

**Назар аударыңыз** *Іске қосу алдында функциялық тексеріс жүргізіңіз!*

**Функциялық тексеру**

- Датчикті суға түсіріңіз.
  - Жасыл және қызыл жарық диодтары жанады. Датчик және электрондық жүйе жұмысқа дайын!
  - Бір немесе бірнеше жарық диоды жанбайды: Датчик және электрондық жүйе ақаулы! Grundfos компаниясымен хабарласыңыз.
- Абайлаңыз, датчик құрғақ болуы керек.
  - Тек жасыл жарық диоды жанады: Датчик және электрондық жүйе жұмысқа дайын!
  - Тек қызыл жарық диоды жанады: Датчик және электрондық жүйе ақаулы! Grundfos компаниясымен хабарласыңыз.



**Ескертпе**  
*Электрондық жүйені немесе датчикті ашпаңыз!  
Жөндеу жұмысы тек өкілетті және білікті қызметкерлермен орындалуы керек!*

## 11.7.8 Контактілерді пайдалану

- 6-шы және 7-ші клеммалар (жүктемемен потенциалды)
  - мысалы, мембрана үзілісі жағдайында сорғыны өшіруге арналған.
- 8, 9 және 10 клеммалары (кернеуден оқшауланған)
  - мысалы, апаттық сигнализация құрылғысын іске қосуға арналған.

## 11.7.9 Құрылғы сипаттамасы

Электрондық жүйеде жасыл және қызыл жарық диоды (СИД) бар.

- Жасыл жарық диоды
  - жүйе жұмысқа дайын екендігін көрсетеді.
  - Осы жарық диоды датчик электрондық жүйеге қосылған кезде ғана жанады. Егер бұл жағдайда жарық диоды жанбаса, датчик немесе кабель ақаулы не дұрыс қосылмаған.
- Қызыл жарық диоды
  - мембрана үзілісі анықталғанын көрсетеді.
  - Жасыл жарық диоды әлі де қосулы.

## 11.7.10 Техникалық қызмет көрсету



**Ескертпе**  
*Электрондық жүйені немесе датчикті ашпаңыз!  
Жөндеу жұмысы тек өкілетті және білікті қызметкерлермен орындалуы керек!*

**Датчик**

Ұзындығы 3 м кабельді оптоэлектрондық датчик.

- Жұмыс мүмкіндігі бұзылған жағдайда датчикті тазалаңыз.
- Егер датчик әлі де дұрыс істемесе, оны ауыстырыңыз.

**Электрондық жүйе**

- Пайдаланушымен техникалық қызмет көрсету мүмкін емес.
- Егер электрондық жүйесі дұрыс істемесе, Grundfos компаниясына хабарласыңыз.

## 11.8 Жарылыстан қорғалған құрастырылымды сорғыларға арналған



*Жарылыстан қорғалған құрастырылымды сорғыларды арнайы қолдану жағдайларын Тиісті электр қозғалтқышта пайдалану және монтаждау нұсқаулығында көрсетілген (жеткізілім жинағына кіреді).*

## 11.8.1 Сыртқы жағдайлар

Тиісті фирмалық тақтайшалы сорғылар сорғы түріне және жабдығына байланысты IIB немесе IIC жарылғыш орталарда жұмыстарға жарамды. Бекітуге және майлауға пайдаланылатын материалдар бұға, газға және жұмыс ауданы атмосферасын құратын шаңға төзімді болуы керек.

Бұл пластикке зақым келтіріп немесе майлау майының немесе трансмиссиялық майдың құрамын өзгертіп, өнімділікке/жұмыс қабілетіне кері әсер етуі мүмкін еріткіштермен байланыс жағдайларына қатысты.

*Бар жұмыс жағдайларында жарылыс қаупін болдырмас үшін сорғылар тек материалдары мен жұмыс сұйықтықтары механикалық немесе химиялық әсерлерге жеткілікті түрде төзімді болғанда пайдаланылуы мүмкін.*

**Назар аударыңыз**



### 11.8.2 Рұқсат етілетін температура

**Жұмыс ортасының температурасын сорғыларды SIP/СIP жуғыштарында (Clean In Place) пайдаланған кезде арттырмау керек.**

Нұсқау

### Мембрана кемуін анықтау

**Жұмыс барысында сорғылар мөлшерлегіш ортаның рұқсат етілмейтін кему көзі болмауы керек (жанғыш затты мөлшерлеу кезінде осы өте маңызды).**

Назар аударыңыз

Мембрана кемуі датчигінің мембрана кемуі датчигі (электрлік оқшауланған геркон) сорғыны бірден тоқтатуға пайдаланылуы керек.

### 11.8.3 Жарылыстан қорғалған құрастырылымды сорғылармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері

**Ескертпе**  
**Артық қызған кезде сорғылардың жарылу қаупі бар.**  
**Жабық клапандар және фитингілер кезінде сорғыларды іске қоспау керек.**



**Ескертпе**  
**Сорғы іске қосу жұмыстары/қайта пайдалануға беру кезінде құрғақ күйде істемеуі керек.**



**Мөлшерлеу сипаттамаларының нашарлауы сияқты ақаулықтарға сорғы зақымы себеп болуы мүмкін, салдарынан жарылыс қаупі артады.**  
**Жұмыс барысында ақаулық орын алған жағдайда сорғы бірден тоқтатылып, ақаулық жойылуы керек.**

Назар аударыңыз

## 11.9 Кірістірілген сақтандырғыш клапан

### 11.9.1 Жұмыс принципі

Егер қысым жұмыс қысымының орнатылған мәніне жоғары көрсетілсе және мөлшерлегіш орта резервуарға оралатын болса, клапан ашылады.

Орнатылған жүйелі сақтандырғыш клапандарға қарағанда кірістірілген клапан сорғыны ластанудан немесе айдау жағынан ағын клапанының бітелуінен қорғайды.


### 11.9.2 Рұқсат етілетін орта



**Ескертпе**  
**Кірістірілген сақтандырғыш клапанды мөлшерлегіш бастиек абразивті немесе кристалды орталарға пайдаланылмауы керек.**

### 11.9.3 Кірістірілген сақтандырғыш клапанды қосу

1. Сорғыш желінің сорғыш клапанға (А) қосыңыз (24-сур. қараңыз).
2. Айдау желісін айдау клапанына (В) қосыңыз.
3. Ортаны резервуарға немесе тиісті сыйымдылыққа өздігінен ағызу үшін тасу желісін сақтандырғыш клапанға (С) қосыңыз.



24-сур. Кірістірілген сақтандырғыш клапан қосылысы



**Ескертпе**  
**Егер тасу желісі сақтандырғыш клапанға сәйкесінше қосылмаса, сорғыны ешқашан қоспаңыз.**

### 11.9.4 Кірістірілген сақтандырғыш клапан қысымын теңшеу

#### Жалпы ереже

Егер қысым датчигі сорғы мен келесі ысырма немесе қысымды сақтау клапан арасында орнатылса, ашу қысымын орнатуға болады.



**Ескертпе**  
**Сақтандырғыш клапанды теңшеу тек білікті мамандармен орындалуы керек!**

Сақтандырғыш клапанның ашу қысымы зауытта техникалық деректерде көрсетілген максималды қарсы қысымға орнатылады. Пайдалану кезінде ашу қысымы өнімділік, сорғының жүріс жиілігі немесе қарсы қысым сияқты факторларға байланысты. Егер дәл мәнді теңшеу талап етілсе, сақтандырғыш клапанды белгілі бір жағдайларға сәйкес реттеу керек.

ТМ03.6311.4506



**Ескертпе**  
Ашу қысымын максималды рұқсат етілетін жұмыс қысымынан төмен орнату керек.




**Ескертпе**  
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде қауіпсіздік паспортында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!  
Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе желілермен жұмыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар және көзілдіріктер) пайдаланыңыз!

### Ашу қысымын теңшеу нұсқаулары

Ашу қысымының зауыттық параметрлерін өзгерту керек кезде келесі әрекеттерді орындаңыз:

Қосулы сорғыда.

1. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағынан қақпақты шешіңіз.
2. Манометр артындағы ысырманы жабыңыз.
3. Мөлшерлегіш ортаның тасу дыбысын естіп, манометр бойынша ағымдағы ашу қысымы мәнін анықтаңыз.




25-сур. Ашу қысымын теңшеу

4. Қысымды келесі әдіспен өзгертіңіз:
  - Қысымды арттыру үшін қажетті ашу қысымы орнатылғанша тістеуік көмегімен тұтқаны сағат тілімен бұраңыз.
  - Қысымды төмендету үшін қажетті ашу қысымы орнатылғанша тістеуік көмегімен тұтқаны сағат тіліне қарсы бұраңыз.
5. Манометр артындағы ысырманы ашыңыз.
6. Қақпақты қайта бекітіңіз.

### 11.9.5 Ауаны шығару

Сонымен қатар, сақтандырғыш клапанды қолмен ашуға болады, бұл оны бір уақытта ауаны шығару клапаны ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Егер ауаны қолмен шығару керек болса (мысалы, іске қосу және реттеу жұмыстары немесе резервуарды ауыстыру кезінде):

- Мөлшерлегіш бастиек шығыңқы орны айналмалы тұтқаның тереңдігі төмендеу кесіндіге тірелетіндей етіп тұтқаны бұраңыз (айналмалы тұтқа мөлшерлегіш бастиектен барынша алыс жылжытылған). Клапан серіппесінен жүк түсіріледі (В орны).
- Сорғыдан ауаны толығымен шығарғаннан кейін тұтқаны «Жұмыс» (А күйі) күйіне кері бұраңыз.



26-сур. Тұтқа орны

### 11.10 Қызметтік қозғалтқыш (қосымша жабдық)

Қызметтік қозғалтқышты пайдалану үшін қызметтік қозғалтқыштың монтаждау және пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

## 12. Техникалық қызмет көрсету

### 12.1 Жалпы ескертпелер

**Ескертпе**  
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде қауіпсіздік паспортында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!  
Химиялық күйіктер қауіп! Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе желілермен жұмыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар және көзілдіріктер) пайдаланыңыз!  
Сорғыдан химиялық препараттар кемуін болдырмаңыз. Барлық химикаттарды тиісті түрді жинап, қоқысқа тастау керек!



**Ескертпе**  
**Сорғы корпусы Grundfos компаниясымен рұқсат берілген қызметкерлермен ғана ашылуы керек!**



**Техникалық қызмет көрсету тек білікті мамандармен орындалуы керек!**

**Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмысын орындау алдында сорғыны өшіріп, оны қуат блогынан ажыратыңыз!**

**Тасымалдау кезінде дезрация саңылауы резьбалы тасымал тығынмен жабылуы керек! Қосуды бастау алдында ауа шығару бұрандасындағы тасымал резьбалы тығынды ауыстырыңыз!**

Назар аударыңыз

Ақаулықтарды жою немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Grundfos компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе сорғыны жіберіңіз.

## 12.2 Тазалау және техникалық қызмет көрсету жүйелілігі

### 12.2.1 Трансмиссиялық майды ауыстыру

**Ескертпе**  
**Майды ауыстыру тек өкілетті білікті мамандармен орындалуы керек!**



**Майды ауыстыру үшін Grundfos компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе сорғыны жіберіңіз.**

